





АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы «13» мамыр

Шалғайдағы елдімекендердің тұрғындары «БЖЗҚ» АҚ қызметтерін «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде ала алады

Алматы, Қазақстан – «БЖЗҚ» АҚ пен «Қазпошта» АҚ елдің шалғай елдімекендерін зейнетақы қызметтерімен қамту мақсатында Қордың салымшылары мен алушыларына «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде қызмет көрсету бойынша бірлескен жобаны іске қосты.

Еске сала кетелік, 2018 жылы зейнетақы қызметтерін елдің шалғай аудандарындағы пошта бөлімшелері арқылы көрсету туралы «БЖЗҚ» АҚ пен «Қазпошта» АҚ арасында Меморандумға және агенттік келісімге қол қойылған болатын.

Қазір «Қазпошта» АҚ операторлары арнайы оқыту курсынан өткен соң, «БЖЗҚ» АҚ-тың қызмет көрсету орталықтары жоқ елдімекендерде зейнетақы қызметтері көрсетіле бастады. Осылайша экономикалық тұрғыдан белсенді халқының саны 2 мыңнан асатын 94 елдімекеннің тұрғындары зейнетақы қызметтерін ұлттық пошта байланысы операторы арқылы алуға қол жеткізді. Бұл ретте зейнетақы қызметтері ұлттық пошта желісі арқылы Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарының елдімекендерінде көрсетіледі. Елдімекендердің толық тізімін Қор сайтынан көруге болады https://www.enpf.kz/kz/services/kazpost/index.php.

Атап айтар болсақ, бұл ауылдар мен кенттердің тұрғындары Қазпошта бөлімшелерінде мынадай қызметтерді алады:

- салымшының (алушының) қосымша деректемелерін (жеке куәлігінің нөмірі, телефон нөмірі, электрондық және пошталық мекенжайы) өзгерту/толықтыру туралы өтініш беру;
- хабарлау тәсілін өзгерту (белгілеу) (оның ішінде «БЖЗҚ» АҚ электрондық форматтағы қызметтеріне қол жеткізу) туралы келісімге қол қою.

Сонымен 2019 жылы республика өңірлерін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қызметтерімен қамту деңгейі 43,7 пайызға дейін өседі. «Қазпошта» АҚ Қазақ елі аумағында ең ұлтай филиалдық желіге ие. «БЖЗҚ» АҚ жоспарында елдің басқа да шалғай аудандарын «Қазпошта» АҚ бөлімшелері арқылы зейнетақы қызметімен қамту көзделген.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартады, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтарын мен төлемдерін жеке есепке алады жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ салымшыларының (алушыларының) қосымша деректемелерін өзгерту/толықтыру туралы өтініш беру және хабарландыру тәсілін өзгерту (белгілеу) туралы келісімге қол қою қызметтерін алуға болатын «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің мекенжайлары көрсетілген елді мекендер тізбесі

Table with 3 columns: №, Облыс атауы, «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің мекенжайлары көрсетілген елді мекендер. Lists regions like Aqtöbe, Almaty, Atyrau, etc., and their corresponding settlement addresses.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

«13» мая 2019 года

Жители отдаленных населенных пунктов могут получать услуги АО «ЕНПФ» в отделениях АО «Казпочта»

Алматы, Казахстан – С целью охвата пенсионными услугами отдаленных населенных пунктов страны АО «ЕНПФ» и АО «Казпочта» запустили совместный проект по оказанию услуг вкладчикам и получателям ЕНПФ в отделениях АО «Казпочта». Меморандум и агентское соглашение о предоставлении пенсионных услуг через почтовые подразделения в отдаленных районах страны между АО «ЕНПФ» и АО «Казпочта» были подписаны в 2018 году. Сейчас после проведения обучения операторов АО «Казпочта» пенсионные услуги внедряются в населенных пунктах, где нет центров обслуживания АО «ЕНПФ». Теперь жители 94 населенных пунктов с численностью экономически активного населения более 2 тысяч человек могут получать пенсионные услуги через национального оператора почтовой связи.

К предоставлению услуг через оператора казахстанской национальной почтовой сети подключены населенные пункты в Актобинской, Алматинской, Атырауской, Восточно-Казахстанской, Жамбылской, Западно-Казахстанской, Карагандинской, Кызылординской, Костанайской, Мангистауской, Северо-Казахстанской и Туркестанской областях. Полный список всех населенных пунктов можно посмотреть на сайте Фонда https://www.enpf.kz/ru/services/kazpost/index.php.

- подача заявлений об изменении/дополнении дополнительных реквизитов вкладчика (получателя) (номер удостоверения личности, номер телефона, электронный и почтовый адреса);
- подписание соглашения об изменении (определении) способе информирования (в том числе для получения доступа к услугам АО «ЕНПФ» в электронном формате).

Таким образом, присутствие Единого накопительного пенсионного фонда по республике в 2019 году увеличится на 43,7 %.

АО «Казпочта» имеет самую широкую филиальную сеть на территории Республики Казахстан. В планах АО «ЕНПФ» предусмотрено дальнейшее расширение присутствия в регионах через отделения АО «Казпочта».

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ» «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

Перечень населенных пунктов с адресами отделений АО «Казпочта», в которых возможно получить услуги АО «ЕНПФ» по подаче заявлений об изменении/дополнении дополнительных реквизитов кладчика (получателя) и подписанию соглашения об изменении (определении) способа нформирования

Table with 3 columns: №, Наименование области, Населенные пункты с адресами отделений АО «Казпочта». Lists regions like Aktobe, Almaty, Atyrau, etc., and their corresponding settlement addresses.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1740 дана. Тапсырыс №634 Келемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

